



№52 (10042)
2 шілде,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағымтисі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәжіліс

Кім не десе, о десең, соңғы жылдары ауданда спорт саласы тың серпінмен дамып келе жатқанын мойындауымыз керек. Жергілікті спортшылардың байрақты бәсекелерде жиі топ жаруы, ұлттық құрама қоржынындағы медальдар санын еселеуі бұл сөзімізді қуаттайды. Еркебулан Жамалатов басқаратын саланың ерекше қарқынмен алға басатындай жөні бар, өйткені ауданда бұқаралық, ұлттық спорттың дамуына негізделген спорттық-сауықтыру іс-шараларының сапалы әрі тиімді жүргізілуі, қатысушылардың деңгейін жақсарту бағытында спорттық үйірмелердің талапқа сай жұмыс жасауы бөлім басшысының тікелей бақылауында.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Мәселелер шешімін тапса игі

Аудандық дене тәрбиесі спорт және туризм бөлімінің биылғы спорттық күнтізбелік іс-шаралар жоспарында 77 аудандық, 6 облыстық, 2 республикалық жарыс өткізу жоспарланған. Биыл ұлттық және бұқаралық спортты дамытуға жергілікті бюджеттен 156 млн теңге қаралған. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде бөлім басшысы Еркебулан Жамалатов осылай деді.

Былтыр ауданда 107 спорттық материалдық-техникалық база тіркелген. Оның ішінде мыңжарым орындық стадион, 94 жаздық алаң бар. Кент ауылдық округтерде 38 балалар ойын алаңы мен жасыл төсеніш алаңдары бар. Ерекше қазіргі уақытта олардың ішінде жөндеуді қажет ететін жасыл төсеніш спорт алаңдары барын жасырмайды. Мәселен Жалағаш кентіндегі «Құшұақ» балабақшасы аумағындағы, Ақсу, Аламесек, Аққум, Мақпалкөл, Мәдениет, Жаңақоныс, Далдабай елді мекендеріндегі алаңдардың бүгінгі кезеңіне сәйкес келмейді. Бөлім басшысы бұл мәселелер алдағы уақытта кезең-кезеңімен шешімін табатынын айтады.

Бұқаралық спорт саласында аудан тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту басым бағыттардың бірі болып отыр. Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты «Наркескен» спорт клубында 61 қызметкер, оның ішінде 10 жаттықтырушы, 23 спорт нұсқаушы, «Бодыбай Құлтекен» атындағы жабық бассейнде 28 қызметкер жұмыс жасайды. Жабық бассейнде 2022 жылдың қыркүйек айынан

бастап үйірмелер ашылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жылдық жоспар бойынша айына бір рет спорттық шаралар өткізіліп келеді. Дене тәрбиесі, спорт және туризм саласы бойынша өткен жылдың қорытындысымен дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 39 пайызға көтеріліп, 14063 адамға жетіп отыр, оның 9 пайызын нұсқаушылардың спортқа тартқан адамдары құрайды. 2023-2024 оқу жылында №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, №13 олимпиадалық резервтік мамандандырылған жасөспірімдер спорт мектебі және «Наркескен» спорт клубында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын 7 мен 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер саны 25 пайызға жетіп отыр. №13, №14 спорт мектептерінде 1813 оқушы 14 спорт түрімен шұғылдана, «Наркескен» спорт клубында 1044 спортшы 8 спорт түрімен шұғылданып келеді, – деді Еркебулан Сырмағамбетұлы.

Айта кетейік, №13 олимпиадалық резервтік мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне қарасты 5 ауылдық округте бөлімшесі бар. Тарқатып айтсақ, аталған спорт мектебіне қарасты Ақсу ауылында бокс, қазақ күресі, Таң ауылында таеквандо дзюдо, М.Шәменов ауылында қазақ күресі, дзюдо, Қаракеткен ауылында бокс, дзюдо, Аққум ауылында 2 топ бойынша қазақ күресі, жөңіл атлетика үйірмесі тұрақты жұмыс жасап тұр. Ал №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне қарасты 8 елді мекенде үйірмелер бар. Мәселен Бұқарбай батыр ауылында еркін күрес, Мәдениет ауылында бокс, дзюдо,

белбөу күресі, Аламесек ауылында қол добы, Еңбек ауылында волейбол бокс, Мырзабай ахун ауылында бокс, таеквандо, Жаңаталап ауылында дзюдо, Мақпалкөл ауылында қазақ күресі, кикбоксинг, Аққырда ауыр атлетика үйірмесі нақты жұмыс жасайды.

Ауданда дене шынықтыру және спортты дамыту саласында өз күштерін біріктіру мақсатында облысқа қарасты 2 спорт мектебі және «Наркескен» спорт клубымен өзара ынтымақтастық туралы келісім жасалған. Соның арқасында спортшылардың үйірмелерге қатысып, спортпен шұғылданыуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Нәтиже де жоқ емес, қазіргі таңда олардың жеткен жетістігін тарқатып айтсақ, марқайып жазар дүние көп.

Саладағы жалағаштық саңлақтар 2023-2024 оқу жылында республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, ҚР чемпионаттарында 35 алтын, 19 күміс, 34 қола, халықаралық жарыста 1 алтын медаль иеленген. Ал Әлем және Азия чемпионаттарында ел қоржынына 8 алтын, 5 күміс, 4 қола салды.

Ауданда бірінші спорттық разрядты 35 спортшы бар. Мұнан бөлек 107 спорт шеберіне үміткер, 11 спорт шебері болса, 1 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындаған.

Иә, тізе берсек, бұл салада жетістік көп, мұның барлығы Еркебулан Жамалатов бастаған ұжымның еселі еңбегінің жемісі екеніне де ешкімнің дауы жоқ. Ерекшеңді бұл саланы тізгіндегеніне көп уақыт бола қоймағанымен жетістігін айтып тауыса

алмаспыз. Оның әсіресе «барды бар, жоқты жоқ» деп уақытында айта алуы, салаға қатысты мәселелерді уақытында назарға салып шешімін табуына, аудан жұртының спортпен шұғылдануына барлық мүмкіндікті қарастыруға қосқан үлесі қомақты. Мемлекеттен салаға қандай қолдау бар, соның барлығын аудан спортшының алға басуына бағыттайды.

Бұлай деуімізге негіз жоқ емес, сөзімізге дәлел ретінде айта кетейік, кешегі аппарат мәжілісінде де бөлім басшысы саладағы бірқатар мәселені жергілікті биліктің назарына салып, аудан спортшына қолдау сұрады. Бір емес, жеті мәселені жіпке тізгендей жіктеп, саралап берген Еркебулан Жамалатов аталған мәселелер шешімін тапса, аудан спортшының екінші тынысын ашуға жол табылатынын дәлелдеп берді.

Бөлім басшысының өкім назарына салған алғашқы мәселесі аудандағы орталық стадион саласының сын көтермейтіні болды. Шынында тоқсаншы жылдардың соңында салынған бұл нысанның бүгінгі де назарына сын көтермейді. Ауқымды шаралар мен жарыстарды талаптарға сай болмағандықтан бұл нысанда өткізуге мүмкіндік болмай отыр. Сондықтан стадионды қайта жаңғыртудан өткізу қажет. Сондай-ақ кенттегі Әмірбай шешен С.Отарбаев көшелері мен С.Қалыбаев көшесінің батыс бөлігіне, Бұқарбай батыр көшесінің шығыс бөліктеріне кеше жаттуға алаңдарын салу керек деп есептейді. Бұл жоба жүзеге асса, сол маңдағы жұрттың бұқаралық спортпен шұғылдануына да мүмкіндік туар еді.

Еркебулан Жамалатов оқу-жаттығу немесе спорттық жарыстарға жеткілікті деңгейде қаржы бөліне деді. Мәселен, 1 спортшыға кететін шығын 7 мың теңгені құраса, бүгінде қаржы тапшылығына байланысты әр спортшыға 6 мың теңгеден бөлініп жатыр екен. Қазір оларға мұндай қолдау керек, бірақ шынығында жергілікті спортшылардың көпшілігі де бізді алаңдатуы тиіс. Осы ретте бөлім басшысы жалағаштық спортшылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында оларды жарыстарға, дайындықтарға тасымалдау үшін «Газель» автокөлігімен қамтамасыз ету керек деп есептейді.

Соңғы жылдары ауданда ұлттық спорт түрлері де алға басуда. Бірақ бұл «салаға толыққанды жағдай жасалды» дегенді білдірмейді. Ұлттық спортты дамытуда Ерекше айтқан тағы бір ұсынысты қос қолдап қолдаймыз. Ол ауданда ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша көкпар, аударыспақ, теңге ілу жарыстарына 2 жарақты жылқы алуға қаржы қарастырылса деген мәселе көтерді. Сондай-ақ Жалағаш кенті мен іргесіндегі Ақсу ауылдық округі маңынан атшабар салына деген тың бастама көтерді. Ол Бұқарбай батыр ауылында жеке кәсіпкердің қаржысына бой көтерген спорт көшенін мемлекет меншігіне алып, мекеме ретінде қайта құру керек деп есептейді.

Иә, бөлім басшысы бұл мәселелерді жеке мүддесі үшін көтермегені белгілі. Бар ойы «соңғы жылдары ерекше қарқынмен дамып жатқан сала туралымыз» дейді. Сондықтан аудан спортшына тың серпін беретін бұл бастамалар аяқсыз қалмауы керек.

Сенбілік

Тазалық табалдырықтан басталады

Сәуір айында бастау алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы Жалағаш кентінде әлі де жалғасын табуда. Өткен аптаның соңында акция аясында аудан және ауылдық округтерде жаппай сенбілік шаралары ұйымдастырылды. Тазалық жұмыстарына аудан бойынша меншік нысанына қарамастан, 145 мекемеден қызметкерлер белсенділік танытып, 24 техника жұмылдырылды.

Сенбілікте көшелер мен саябақтардағы қоқыстар алынды, қураған талдар кесіліп, аяқсу жүретін арықтар жапырақтардан тазартылып, құл-қоқыстар белгіленген орындарға шығарылды.

Тазалық жұмыстарына аудан тұрғындары да бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарды, көшелерді құл-қоқыстан арылтты. Өңірдің өркендеуіне, елді мекеннің мұнтаздай таза болуын ортақ абырой деп білетін аудандағы барлық мекеме ұжымы жол жиегіндегі арықтарды да тазалап, сенбілік жұмыстарының қарқын алуына өз үлестерін қосты.

Тазалық акциясында жабайы шөптер шабылып, қураған талдар кесіліп, аяқсу жүретін арықтар қураған жапырақтардан тазартылды. 13 тоннаға жуық құл-қоқыс белгіленген орындарға шығарылды.

Қазір аудандағы әрбір мекеме ұжымы тазалық маусымында табандылық танытып жатқанын көріп отырмыз. Енді әрбір сенбілікке жергілікті тұрғындар да өз үлесін қосуда аянып қалмауы керек. Әрбір адам өзі тұратын



үйдің ауласы мен көшелердің көркеюіне және тазалығына мән берсе, құл-қоқыстармен келетін түрлі инфекциялық аурудың болмасы да анық. Әсіресе кеше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, ол толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы да үлкен септігін тигізеді.

Тазалық жұмыстарына нәміқұрайлы қарауа болмайды. Мұндай шараларда бәріміз белсенді болуымыз керек. Сенбілікке алта сайын шығамыз, күнәра аулаңың тазалығына да мән беремін. Үйіне қоңақ келетін кезде алдын ала дайындалады ғой, сол секілді

біз де ауданның тазалығына, көркейіп-гүлденуіне жіті мән беруіміз керек. Сырттан келген меймандар ауданның тазалығына қызыға да, қызғана да қарауы үшін сенбілікте баршамыз белсенді болуымыз керек. Оған өзім де үлес қостым және оны міндетім деп есептеймін, – дейді аудан тұрғыны Болат Аққасинов.

Өңірдің өркендеуіне, мұнтаздай таза болуына атсалысу – әрбірімізге азаматтық парыз. Кенттің көркейіп-көгалдануы тек қаражатқа келіп тірелмейтінін түсінуіміз керек. Яғни өңірдің әрбір құл-қоқысын тазарту – екі қолдың көмегімен жасалатын іс. Біле білсек, сол құл-қоқысты тастайтын өзіміз,

әр аулаңың айналасына тұрмыстық қалдықтарды жинап қоятын да біз, қалаберді адам аяғы басуға болмайтын кір суын да теге салатын сол тұрғындардың өзі.

Адам баласы ақыл айтуға шебер ғой, бірақ сол өзгеге айтқанын өзі де істесе дұрыс-ақ. Елмен бірге тазалық айлығында сол өзіміз тастайтын құл-қоқыстан көшелерді тазартуға, арықтарды қалдықтардан арылтуға атсалыссақ, бірлігіміздің артақаны, берекеміздің тасығаны болар еді. Сенбілікте серпінді жұмыс жасаған Болат ағамыздың да айтылағы осы.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»
Ақмет Байтұрсынұв

ХАЛЫҚ

Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасуда. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейіз.

Кездесу

Елдің мәселесі ескерусіз қалмайды

Өткен аптаның бейсенбесінде тілшілік тіршілігіміз Аққыр ауылынан басталды. Әдеттегідей аудан әкімі Ардақ Ибраимов халықпен кездесіп, алдымен атқарылған жұмыстарды саралап, ауыл тұрғындарының талап-тілегіне құлақ түрді. Ауыл кент орталығынан шалғайда орналасқан, бұса де аудан басшысының тікелей қолдауымен мұнда жарқын жобалар жүзеге асуда. Десуде қарапайым халықтың талап-тілегі назарға алынғанын аңғаруға болады.

Аққырда аяқсу мәселесі өзекті

Иә, мыңнан астам халқы бар Аққырда был да еңселі жобалар жүзеге асып, ел еңсесін тіктемек. Мәселен, ауыл азаматы, «Аман құрылыс» ЖШС басшысы Әділхан Маштаевтың демеушілігімен был елді мекеннің кіреберісіне жоба

Қабылдауға келген адамды «Құдайыңа бар» деп қуып шыққан

Кездесу соңында ауыл ақсақалдары Ардақ Әбдіғалпарұлының алдағы жұмысына сәттілік тілеп, батасын берді. Бүгінге дейін жасаған жұмысына оң баға беріп, аудан басшысына алғысын жаудырып аққырлықтар ауыл әкімін қатаң

тауыпты. 3-еуі мал шаруашылығына бағытталса, 1-еуі пластик терезе өндіруге негізделген. Ал был 1 азамат жылқы ұстап, саумал сату үшін қайтарымсыз грант ұтып алса, 1 кәсіпкер мал шаруашылығы бағытында төмен пайызбен несие алған. Алдағы уақытта Жаңаталапта үлкен өндіріс орны жұмысын бастайды. Жас кәсіпкер Серікбол Әбді-



құны 8 млн теңге болатын арка орнатылмақ.

Ауыл әкімінің айтуынша, былтыр да, был да ауылда ел қажеттілігіне жарайтын жарқын жобалар жүзеге асып, бүгінде аққырлықтар оның игілігін көріп отыр. Ауыл тұрғындары есепті кездесуде ең алдымен аяқсу мәселесін көтерді.

Иә, халықтың аяқсу мәселесін ашынып көтеретін реті де жоқ емес. Себебі Аққырдада Жаңадария өскілі басқа ауылдардай күрші алқатары жоқ, десе де бұл ауылдың кезінде мал шаруашылығымен аты елімізде мәлім болғанын жақсы білеміз. Алайда алып шаруашылықтар құрылмаса да ауылдағы ағайынның бақша салуына жағдай жасалу керек.

Спорт көшені бой көтереді

Аққырда бүгінге дейін шешімін таппаған бір мәселе бар, ол – ауылдық клубтың жоқтығы. Қазіргі таңда ауылдағы мәдениет саласының қызметкерлері көне нысанда күнеліп отыр. Аудан әкімімен өткен кездесуде жергілікті халықтың көтерген басты мәселесі де осы болды. Алайда бұған қатысты арнайы жоба да әзірленген. Алдағы уақытта қаржылай қолдау тапса, Аққырда жалпы құны 325 млн 586 мың теңгеге құрайтын 100 орындық ауылдық клуб бой көтереді.

Мәдениет саласына жағдай жасаған дұрыс, кезінде осы аядай ғана ауылдан қаншама өнер адамдары шыққанын жалағаштықтар жақсы біледі. Тіпті бір жылдары өнер адамдарының республикалық, облыстық сайыстарында ауылдың қарапайым механизаторлары мен сауыншылары бас байғені өңшілгенін үлкендер айтып отыратын.

Аққырға бұл жолы аудан басшысы жақсы жаңалығымен келді. Айтуынша, был Аққырға ауылдық клуб салынбаға да, «Қазақстан халқына» қорынан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына қаржы бөлініп, ел игілігі үшін жана нысанын іргетасы қаланады. Аудан басшысы тұрғындарға осы жобаның басы-қасында болып, сапасын жіті бақылауда ұстау қажеттігін кәрірге салды. Сондай-ақ типтік жобадан салынатын спорт кешені мәдениет үйі де бола алатынын, алайда ең алдымен ауылда инфрақұрылымды жақсарту қажеттігін тілге тиек етті.

Жалпы ауылда 6 ішкі көше бар, оның бүгінде бесеуіне жарық жүргізілген. Былтыр ауылдың ішкі жолдарын жөндеу мақсатында 5 көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоба-сметалық құжат әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған.

Айта кетейік, шалғай ауылда кәсіпкерлік саласы да шираған. Мәселен, осыған дейін Аққырда 84 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, бүгінде оның барлығы 100 пайыз жұмыс жасап тұр. Былтыр жастар бағдарламасы бойынша 1 азамат кәсіп бастаған. Мұнан бөлек 5 адамның жұбасы мыңнан кәсіп бастау үшін қайтарымсыз қаржылай қолдау тапқан. Ал был мал шаруашылығы бағытында 3 адам мемлекеттен қайтарымсыз грант алса, 2 азамат құжат дайындауда. Бұл ауыл тұрғындарын кәсіппен айналысуға үндеу мақсатында түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

сынға алды. Кездесуге келген тұрғындар арасынан «ауыл әкімі орнын босатсын» дегендер де табылды.

Аққырлықтардың бұлай ашулануына себеп ауыл әкімінің қарапайым халықты алапал, дерекі мінез көрсетуінде екен. Тұрғындардың бірі ауыл әкімінің қабылдауына барамын деп таяқ жеп, бір ай үйінен шыға алмай қалғанын да жеткізді. Айтуынша, ауыл әкімі оны мекемеден «Құдайыңа бар» деп қуып шыққан. Бұл мәселеге бейжай қарамаған Ардақ Әбдіғалпарұлы мәселені заң жүзінде шешетінін жеткізді.

Кешеден бері 7 ауылда болдық, бүгінгі сапарымыз сіздердің ауылдан басталып жатыр. Мақсат сол елдің ішінде қандай мәселелер бар, оның шешімі қалай, осы сауалдардың түйінін өздеріңізбен бірге тарқату. Бірақ барлығын бір уақытта шешіп беремін деп өтірік уәде беруден аулақпын. Алдағы уақытта барлығын қаражаттың мүмкіндігіне қарай шешуге жұмыс жасаймыз. Бірақ елдің мәселесі ескерусіз қалмайды, – деді аудан әкімі.

Жаңаталаптықтардың мәселесі жерде қалмайды

Шалғай ауылдардағы аудан әкімінің сапары Жаңаталапта жалғасты. Білім ошағында жиналған жұртқа Ардақ Әбдіғалпарұлы аудандан атқарылған біршама жұмыстарды айтып өтті. Сондай-ақ алдағы уақытта да елді мекендер мәселесін шешуге тиісті жобалар қолға алынатынын айтты. Сондай-ақ жаңа талаптықтардың мәселесі жерде қалмайтынын жеткізді. Айта кетейік, ауылда 800-ге жуық халық бар.

– Ауылдық клубтың ғимарат мәселесін білеміз, алдағы уақытта оның шешіміне жұмыс жасаймыз. Бірақ «бүгін-ертең шешіп беремін» деп те көсіп айта алмаймын. Десе де мәселелеріңіз назарда. Өнерлі өжелер, жастар жүйелі жұмыс жасап отырған руханият орталығының мәселесі ескерусіз қалмайды, – деді аудан әкімі.

Жасыратыны жоқ, бұған дейін есепті кездесулерде жаңаталаптықтар су мұнарасын жаңарту мәселесін көтерген болатын. Аудан әкімі тұрғындарды елді мекеннің басты мәселесіне айналған ескі су мұнарасын жаңарту жобасын демеушілік есебінен қолдау тапқанын айтып, халықтың талап-тілегі кезең-кезеңімен орындалатынын жеткізді.

Былтыр ауылға кіреберіс жол бойынан 1 млн 715 мың теңгеге арқа орнатылған. Ауылда 3 ішкі көше бар, оның екеуіне асфальт, 1 көшеге қиыршық тас төселген. Жергілікті халық бүгінде кәсіпкерлік саласына ден қоюда. Ел арасында іс бастауға деген талаптың болғанын қуантады. Себебі ол шалғай ауылдың шаруасының ширауына, келесі кезекте жұмыссыздықты түсатуға да айтарлықтай қолғабыс болары анық. Мәселен, осыған дейін елді мекенде 48 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бүгінде оның барлығы жұмыс жасап тұр. Былтыр 1 жоба мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапса, 2 жоба қайтарымсыз қаржылай қолдауға ие болған. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 1 азаматтың жұбасы қаржылай қолдау

керев құс фермасын ашуды жоспарлап отыр. Бұл бір жағынан салаға серпін берсе, келесі кезекте қаншама ауыл азаматының жұмыс табуына сеп болады.

Ауылда былғыл халдың еңшісіндегі балалар ойын алаңын салатын жеңілмез мердігер анықталып, құрылысы басталуда. Сондай-ақ көше бойына тал егу үшін қоршау жұмыстары жүргізілуде.

Бірлігі бекем, тірлігі тиянақты

Үшінші аялдамамыз – Мақпалкөл ауылдық округі. Бұл ауылға мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің есімі берілгеніне де он жылдай болды. Қазіргі таңда елді мекенде 300-ден астам отбасы бар. 1800-ден астам халық мекен еткен қайраткер атындағы ауылда тындырымды тірлік жетерлік. Былтыр Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы аясында елді мекеннің өңсесін тіктейтін бірқатар өкілді жоба жүзеге асты.

Әдеттегідей аудан әкімі алдымен халықпен кездесіп, талап-тілегін тыңдады, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды саралады. Аудан бойынша ауылдық округтердегі көлемді жобалардың бірі Т.Жүргенов ауылында жасалуда. Бүгінде елді мекеннің тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жобаның сметалық құны – 423,871 млн теңге. Оның ішінде құрылыстың сметалық құны 288,542 млн теңгеге құрайды, ал басқа жұмыстар мен шығындар 68,923 млн теңгеге құраған. Желінің ұзындығы ВЛЗ-10 кВ 7 229 м, КЛ-10 кВ 200 м, ВЛІ-0,4 кВ 20 271 метрді құрайды. 6 айда Т.Жүргенов ауылының тұрғын үй секторын электрмен жабдықтау жұмыстары толық аяқталды. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов барлық елді мекенде тұрғындар көтерген мәселелерді уақытында шешуге жұмыс жасайтынын жеткізді.

Шаруасы шираған

Ауыл халқының негізгі тіршілік көзі – егін және мал шаруашылығы. Бұған дейін Сыр салысынан мол астық жиған жергілікті шаруашылықтар былтырдан бері бақша өнімдеріне басымдық берген. Мұнан бөлек бірнеше гектарды құрайтын ауылдағы алмабақ өнімдері бүгінде өліміз бойынша үлкен суранысқа ие.

Жалпы қайраткер атындағы ауылда жұмыссыздық деңгейі 2,4 пайызды құрайды. Өлі де төмендету үшін ауыл әкімі тиісті жобалар қолға алынатынын айтады. Бауыржан Тұңғышбаев кәсіп бастаймын деген жерлерінен сүйемелдеуге дайын екен. Бүгінде ауылда жүзге жуық кәсіпорын бар. Тіркелген кәсіпкерлік субъектісінің қазіргі таңда 99 пайыз жұмыс жасап тұр. Бұрын елді мекенде тек егін және мал шаруашылығында жергілікті тұрғындар көсібін дөңгелентсе, бүгінде сала түрленген. Осыған дейін екі ауыл тұрғыны кәсіп бастауға бел буған. Алайда оларға шаруасын ширатуға қолдау ағзантай қаражат қолбайлау болған. Осылайша екеуі де мемлекеттік грантқа өтімді берді.

Нәтижесінде комиссия мүшелері қос жобаны да қаржылай қолдауға лайық деп тауыпты. Қазіргі таңда екеуі де ауыл халқына сапалы қызмет етуде. Оның бірі Гүлшат Мырзалиеваның шаштаразы болса, келесісі – Гүлжан Төкештің компьютер орталығы.

– Ауылда кәсіпке бет бұрған азаматтар жетерлік. Бұл бір жағынан елді мекеннің өңсесін тіктеуге үлкен қолғабыс болып отыр. Бұрын іс бастаған азаматтардың барлығы егін және мал шаруашылығы саласында жұмысын жүргізе, бүгінде ауылда сала түрленген. Қазірдің өзінде Мақпалкөл ауылдық округінде шаштараз, компьютерлік орталықтар халыққа сапалы қызмет етуде. Енді бұл азаматтар көсібін кеңейтуге басымдық беруде. Егін және мал шаруашылығы саласынан өзге де кәсіпорындар өнімнен ауылда сураныс бар. Болмаса олар мұндай қадамға бармас еді, – дейді ауыл әкімі Бауыржан Тұңғышбаев.

Жалпы жергілікті тұрғындар кәсіп ашуда мемлекет жасап жатқан барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып отыр. Кәсіпкерлік саласына серпін беруге бағытталған қандай бағдарлама бар, басым бөлігіне ауыл тұрғындары құжат тапсырып, шаруасын ширатуда. Былтырдың өзінде ауылдағы бірнеше азамат грантқа құжат тапсырып, қайтарымсыз қаржыға ие болған.

Былтыр бұл ауылда мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы көң көлемде аталып өтті. Туған жерінде де мерейтой ісінің 125 жылдығына орай бірнеше жоба қолға алынған. Солардың бірі – Темірбек Жүргенов атындағы саябақ. Бұл жобаға қазынадан 60 млн 444,9 млн теңге қаралған. Саябақ құрылысы да қарқынды өрі сапалы жүргізілген. Жергілікті тұрғындардың бұл жерді жасыл желекке айналдырудағы құлшынысын баба рухына тағзым, бір жағынан құрмет деп түсіндік.

Қайраткер атындағы ауылда мұнан өзге де жобалар жоқ емес. Бастысы, алдағы уақытта ел игілігін көрсе болғаны. Ауылда қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы көше де бар. Ұзындығы 1,1 шақырымды құрайтын ішкі көшеге былтыр жай жөндеу жұмыстары жүрді. Оған қазынадан 15 млн 229 мың теңге қаралған.

Жалпы қай саланы алып қарасақ та өрлеу бар, есу бар, даму динамикасы тағы жақсы. Әсіресе жергілікті шаруашылықтар мол астықтан тау тұрғызып, жыл сайын рекордтық өнімге қол жеткізуде. Олар бүгінде егінді ортаараптаңдыруға басымдық берген. Аяқсу мәселесі қат болып тұрған шақта бұл бастама ақылға қонымды. Мақпалкөлде 1 серіктестік, 10 шаруа қожалық егін шаруашылығымен айналысады. Жалпы Әліби Бекжановтың елім деп қолға алған жобаларының игілігін бүгінде жергілікті халық көріп отыр. Бұған дейін ол ауылға жалпы құны 15 млн теңгеден асатын балалар ойын алаңын салып берген еді. Қазір ауыл балаларын іздесенің, сол жерден табасың. Мұнан бөлек бірнеше отбасына үй салып берді. Ауылдағы алтын уяда білім алып жатқан жастардың ішінде озат оқушыларға шәкіртақы төлейді. Тізе берсек, Әліби Бекжановтың ауылға жасап жатқан жобаларын жазуға көп уақыт кетеді. Бастысы, оның барлығы бүгінде елдің игілігіне жарап тұр.

Ауылда мал шаруашылығы да қарқынды дамыған. Бүгінде Темірбек Жүргеновте мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерде 545 бас мүйізді ірі қара, 206 бас жылқы мен бірнеше түйе бар. Ал ауылдық округтің жеке отбасыларында 1903 бас мүйізді ірі қара, 512 жылқы, 4114 уақ мал, 40 түйе бар.

Жалпы ауыл халқы қай істе де ауызбіршілікті, ынтымақты түйе етеді. Біз айтып отырған жобалардың сөтті жүзеге асуына да басты себеп осы ма дедік. Шаруасы шираған ауылда бөреке бар, тындырымды іс бар, бірлігі болса да мығым.

Тұралған мәселенің түйінін тарқатты

Халықтың ұсынысын тыңдауға негізделген келелі кездесу Мәдениетте жалғасты. Әдеттегідей аудан басшысы ауыл тұрғындарына атқарылған жұмыстарды саралап, мәселелерін назарға алды.

Айта кетейік, ауылда 1930 адам бар. Елді мекендегі жұмыссыздық деңгейі 1,5 пайызды құрайды. Мә-

дениетте 137 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бүгінде оның 108-і ғана нақты жұмыс жасап тұр. Былтыр 2 ауыл тұрғыны кәсіп бастау мақсатында мемлекеттік бағдарлама аясында төмен пайызбен несие алған. Ал 18 тұрғын қайтарымсыз грант алып, жұмыс жасауда. Ал был 4 ауыл тұрғыны қайтарымсыз грант иегері атанып, көсібін бастауда. Кәсіпкерлердің барлығы дерлік ауылда мал шаруашылығын дамыту бағытында жұмыс жасауда.

Елді мекенде 11 көше бар. Оның 9-ы асфальтталған. Ал 2 көше күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді.

Кездесуде тұрғындар жұмыссыздық, қылмыстың алдын алу туралы мәселе қозғайды, аудан әкімі сала басшыларына тапсырмалар берілді. Аудан әкімі тұрғындарға елді мекеннің негізгі мәселесіне айналған ескі су мұнарасын жаңарту жобасын демеушілермен қолдау тапқанын жеткізді. «Көш жүре түзеледі» демекші, елді мекендердің ахуалы басқа аймақтардан көш ілгері. Төп-төгіс болы, мектеп, балабақша, кәсіппен айналысамын дегендерге қолдау, бәрі-бәрі ауыл халқының игілігіне жарады.

Құрылыс жұмыстары қарқын алмақ

Есепті кездесу Мырзабай ахун ауылында жалғасты. Ауылдық округте 1250-ге жуық халық бар. Қуантарлығы, бүгінде жергілікті халықтың кәсіп ашуға ынтыасы артақан. Әсіресе ахун атындағы ауыл тұрғындары бұл мақсатта мемлекеттік бағдарламалардың қолдауын тиімді пайдаланып отыр. Нақтырақ айтсақ, шағын ауылда бүгінде 74 кәсіпкер бар. Оның 73-і нақты жұмыс жасап тұр. Қуантарлығы, бүгінде ауылда осыған дейін тұралаған мәселелердің алдын алуын тиімді тапқан. Мәселен, ауылда 5 ішкі көше бар. Оның 3-іне асфальт төселген. Ал 2-і күрделі жөндеуді қажет етеді, яғни алдағы уақытта Жаңақоныс пен Кенжебек Оспанов көшелеріне де асфальт төселеді.

Былтыр ауылға жалпы құны 385,9 млн теңгеге құрайтын емхана салынды. Сондай-ақ алдағы уақытта қаржылай қолдау тапса, ауылда мәдениет үйі де бой көтереді. Бұған қатысты жасалған арнайы жоба да дайын. Сондай-ақ тұрғын үй секторының электр желілерінің құрылысы жаңартылып, Жаңақоныс кешесін жарықтандыру және ауылдың кіреберісіне камера орнату жұмыстары жүргізіледі. Міне, Мырзабай ахун ауылының бүгінгі тіршілігі осындай. Елдің ауызбіршілігі мығым, кәсіп ашуға жергілікті тұрғындардың талабы таудай.

Көлбеті келіскен Қаракеткен

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов сол күні Қаракеткен халқымен де жүздесті. Ауылға кіреберіс жолға түскеннен кезіміз жаңа зәулім арқа мен ауыл төлқұжатына түсті. Мұнан елді мекенде тындырымды тірлік барын аңғару қойдық. Ауыл тұрғындарының барлығы дерлік қызығушылық танытып, кездесуге жиналған. Аудан басшысы халықпен танысып қана қоймай, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды қысқаша атап өтіп, жергілікті халықтың үніне құлақ бастысы, оның барлығы бүгінде елдің игілігіне жарап тұр.

Қаракеткенде біраз мәселенің шешімі табылған. Қос елді мекенді қамтитын ауылдық округте ауыз су жүйесі жаңартылып, бүгінде ел игілігіне берілген Мыңнан аса халқы бар елді мекенде Сыр салысын себетін егіс алқабы болмағанымен мұнда халық кәсіп ашуға бейім. Мал шаруашылығын дамытуға ден қойған ауыл тұрғындары кәсіптің бұл түрінен табысын еселеп отыр. Бүгінде 5 адам атакәсіпті қолға алған, ауыл халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған «Фариза», «Жанжаз» жеке сауда орындары жұмыс жасап тұр. Қазіргі таңда ауылда ел игілігіне бағытталған бірқатар жоба жүзеге асуда. Мәселен, елді мекенде тұрғын үйлер секторының электр желілері бойынша «Универсал Строй Сервис» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізген. Бүгінде Далдабай елді мекенін қосқанда 12 көшені күрделі жөндеуге және дәрігерлік амбулатория құрылысын салуға жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, республикалық және облыстық бюджеттен қолдау тапқан.

Аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы елдің әлеуетін жақсартатын жар-

қын жобалар алдағы уақытта жалғасын тауып, халық игілігін көретінін жеткізді. Кездесуде Ардақ Ибраимов тұрғындарға ауыл әкімі, мектеп директоры, ауылдың тәртібіне жауапты уәкілетті полиция инспекторы сонда тұруы қажеттігін ескерті. Қызметкерлер толық жұмыс орында болмаған жағдайда тиісті шаралар көретінін тілге тиек етті.

Көгілдір отынның игілігін көреді

Келер жылы екі ауылдық округті газға қосу жұмыстары жоспарлануда. Бірі кент іргесіндегі Ақсу ауылы болса, екіншісі – Мөрәлі Шәменов ауылы. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың сапары осы қайраткер атындағы ауылда жалғасты. Аудан басшысы бастаған топ әдеттегідей ауыл халқының алдында тікелей істі түріп, халықпен етене танысып, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сондай-ақ тұрмыс түйтілдеріне қатысты қойылған сауалдарға мен шешімін таппай жүрген мәселелері бойынша бірқатар сұраққа жауап берді.

Өңірде ауылдық округтердің ішкі жол мәселесі оңтайланып, толықтай жаңартылып келеді. Ауылда 12 ішкі көше бар. Оның 10-ына асфальт төселген. 2 көше күрделі жөндеуді қажет етеді. Ең бастысы, ауылда халықтың маңызды өмір сүру қажеттіліктері толықтай бір жүйеге келтірілген. Ауысу 100 пайыз үйді-үйге жүргізілген. Әрине, ауыл халқының ең басты сұрағы елді мекенді газдандыру жұмысы болды. Бұл жөнінде екім де қалың жұртқа жақсы жаңалығымен келген. Ардақ Әбдіғалпарұлы М.Шәменов елді мекенін газдандыруға облыстық бюджеттен 20 млн теңге бөлінгені, яғни жұмыстар басталғанын жеткізді.

Елді мекенді дамыту мақсатында демеушілер есебінен атқарылып жатқан жана жобалар да жоқ емес. Мәселен, соның бірі «Mega-Agro» ЖШС-ның қолдауымен 5 млн теңгеге мәдениет үйіне 200 дана орындық орнатылған. Сондай-ақ ауылда мал шаруашылығы да кең қанат жайып, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер қатары артақан. Мәселен, ауылда 60 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 59-ы жұмыс жасап тұр. Быыл 2 ауыл тұрғыны қайтарымсыз грант алып, көсібін дөңгелетіп отыр. Қазіргі таңда М.Шәменов ауылына кіреберіс автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Кентте келелі мәселелер қаралды

Ауданға қарасты 14 ауылды аралап, халықпен кездескен аудан басшысы ел алдындағы есеп беру сапарын аудан орталығындағы «Руханият» орталығында қорытындылады. Быыл кентті абаттандыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылуда. Мәселен, кентте бүгінде «Руханият» орталығының іргетасы қаланып, құрылыс жұмыстары басталды. Қазіргі таңда «Ақтөрек» мәлтек ауданынан 300 орындық мектеп құрылысын салу қолға алынууда.

Жалағаш кентінде орналасқан мемлекеттік мекемелерді газдандыру мәселесі түбегейлі шешілуде. Быыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін және кент әкімі аппараты ғимаратының жылу жүйесін табиғи газға қосу, №246 орта мектеп ғимараты мен №123 мектеп-лицейі ғимаратының бу қазандығын газбен ауыстыра отырып реконструкциялау жұмыстары жасалады. Тұрғындардың әлеуметтік жағынан осал топтарына тұрғын үй қорынан 100 тұрғын үй сатып алуға арнайы республикалық бюджеттен қаржы қаралды.

Кент тұрғындарымен кездесуде қозғалған мәселелер бойынша аудан әкімі 11 көшенің жоба-сметалық құжатты дайын тұрғанын жеткізді. Кент орталығын абаттандыру жобасы қаржыландыруға ұсынылған. Кездесуде көтерілген барлық мәселені толық шешуге жүйелі жұмыс жасайтынын айтқан аудан әкімі Ардақ Ибраимов кез келген уақытта тұрғындар талап-тілегін тыңдауға дайын екенін жеткізді. Жийн соңында кент тұрғындары елді мекендерді аралап, халықпен жүздескен аудан әкімі Ардақ Ибраимовқа алғыс айтып, тың бастамаарына тілеші екенін білдіріп, батасын берді.

Ақтөте ЕРЖАНҚЫЗЫ

Қаныш Сәтбаев және отандық ғылым

Әр халықта мемлекеттің дамуына орасан зор үлес қосқан тарихи тұлғалары бар. Олардың ішінде қоғамға танылу иерархиясында айрықша орын алған көшбасшылар ерекше дараланып тұрады. Ғалым, академик, патриот, отандық ғылымның негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – осындай бірегей тұлға.



Ғалым Ұлытау жотасындағы Алтыншоқы баурайынан табылған тастағы араб жазуларын тұңғыш зерттеп, бұның Әмір Темірдің бұйрығымен жазылғанын және оның қазақ даласына, Алтын Орда ханы Тоқтамысқа қарсы жасаған жорығы туралы ақпаратты қамтитынын дәлелдеді, бұл әлемдік ғылым үшін теңдессіз үлкен жаңалыққа айналды. «Ер Едіге» халық эпосының әртүрлі нұсқаларын мұқият қарастырып, оның мәнінің жаңа редакциясын дайындады. Бұл Қазақстанның ортағасырлық тарихын зерттеуге қосылған елеулі үлес болды. Ол сонымен бірге М.Әуезовтің «Абай жолы» романының маңызын бірінші болып бағалады, белгілі этнограф Александр Затаевичке 25 халық өніні тапсырды, театр, өнер, мәдениет және жастарды тәрбиелеу туралы көптеген әңгімелер жазып қалдырды.

Бүгінгі таңда осындай ұлы тұлғаның есімін есте сақтау ғана емес, сонымен қатар академик Қ.Сәтбаевтың болашақ ұрпаққа қалдырған мұрасын игеру, ғылымды, экономиканы дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ол белгілеген қағидаларды ұстану аса маңызды.

Кеңестік ғылымның, оның ішінде, Қазақстан ғылымының қалыптасуы, даму тарихын талдағанда «сол кезеңнің ғылымы қалайша салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде ауқымды жетістіктерге қол жеткізіп, жас мемлекеттің экономикалық өсуінің қозғалысы күшіне айналды?» деген сұрақ ерекше түрде ойға оралады.

Бұл сұрақтың жауабы – ғылымның озық дамуына басты мән берген сол кездегі дұрыс мемлекеттік саясат. Ғылымға ресурстар бөлу жалпы мемлекеттік басымдық болды және бұл ешқашан мұнәп туғызбады. 70-жылдардың ортасында ғылымды қаржыландыру көлемі елдің жалпыұлттық өнімінің шамамен 3%-ын құрады, бұл қазіргіден 20 есе көп. Барлық деңгейде таланттарды іздеу, оларды қолдау бойынша жұмыс жүргізілді, соның арқасында ғылым дамуының ерекше қарқыны бүкіл қоғамды қамтыды.

Осының нәтижесінде барлық жерлерде бейінді ғылыми-зерттеу институттары ашылып, ал олардың материалдық-техникалық жабдықталуы мемлекеттің ерекше бақылауында болды. Іргелі зерттеулердің басымдығы ел алдында тұрған стратегиялық міндеттерге, ал қолданбалы зерттеулер – экономика мен қоғамның ағымдағы және болашақта қажеттіліктеріне негізделді. Ғылымға Қаныш Сәтбаевтың замандастары – жазушы және әдебиеттанушы Мұхтар Әуезов, композитор Ахмет Жұбанов, химик Әбікен Бектұров, қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш академик, физиолог Найля Базанова, археолог және этнограф Әлкей Марғұлап, энергетик Шалық Шөкін, тағы басқа көптеген ойшыл шығармашыл тұлғалар тартылды, кейін олар көрнекті ғалымдарға айналды.

Өкінішке қарай, бұл тамаша тарихи тәжірибе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ескерілмеді. Өтпелі кезеңнің күрделілігіне төтеп бере алмай, экономикада жеңіл және жылдам жеңістерге жету бағыты белең алды да, ғылымда айтарлықтай нәтижелерге тек тынымсыз, ұзақ қажырлы еңбектің арқасында қол жеткізіліп тұрғалы қарапайым ақиқат ұмытылды.

Тіпті жекелеген реформаторлар отандық ғылымды дамытуға қаражат жұмсамай, шетелдік технологиялардың импортына басымдық беруді, ғылымды қажет ететін өндірістерді қолдаудан бас тартуды ұсынды. Мұндай саясат бізді басқа елдерге тәуелді «шикізат қосымшасына» айналдыратыны айдан анық еді. Осындай үрдістер ескірінен Ұлттық Ғылым академиясының рөлі төмендеп, бейінді ғылыми ұйымдардың отынайлаңдыру шаралары зердесі жүргізілді.

Ғылымның басты негізі – іргелі зерттеулер қатты әлсіреді. Зерттеу қызметінің ерекшеліктері ескерілмей, ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырысты орналастыру, ғылыми ұйымдардың инфрақұрылымын жаңарту рәсім мемлекеттік сатып алу туралы заңның нормативтерімен реттелді. Бұл іргелі және стратегиялық ғылыми зерттеулер базасының күйреуіне, ғылыми ұйымдардың материалдық-техникалық жақтандыру жүйесінде бюрократиялық әуре-сарсаңның өрістеуіне әкеп соқты, соның салдарынан ғалымдар моральдық өскірген және физикалық тозаң зертханалық және ғылыми жабдықтармен қалды.

Әсіресе ғылымды қаржыландыру көлемінің елдің ІЖӨ-нің 0,13%-ына дейін күрт қысқаруы қиына соқты. Экономикалық дамыған елдермен салыс-

жетекші ғалымдардың шоғырлануы, экономиканың өзекті мәселелерін шешуге бағдарлану, әлемдік ғылыми жүйеге ықпалдасу – қазіргі таңда Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы жаңа миссиясын қабылдап отыр.

Бесіншіден «ленарлық» (междисциплинарлық) ұғымын бәрі бірдей түсіне бермейтін, сәнді сөз етіп қолданудан ашақтайтын кез жетті, ол енді стратегиялық ғылыми зерттеулердің нақты тетігіне айналуға тиіс. Мұнда да біз білімнің жан-жақтылығы арқасында ірі ғылыми-практикалық мәселелерді, әртүрлі ғылыми бағыттарды біріктіре отырып тиімді шешкен академик Сәтбаевтың тәжірибесіне сүйенетін боламыз.

Бұл ретте, ресми институционалдық шекаралары жоқ Академияның рөлі – басты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін ғылыми мегажобалардың бастамашысы болу. Шешілуге тиіс мәселені іргелі білімнен бастап оларды практикалық қолдануға дейінгі барлық аспектілерін қамтитын осындай мегажобалар ғылым, мемлекет және бизнес ресурстарын біріктіретін болады, танымал ғалымдарға талантты жастармен қатар жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Академия бұл жұмысты бастап та кетті: стратегиялық маңызды, интеграцияланған ғылыми-техникалық бес бағдарлама әзірлеп жатыр. Мысалы, академияның вице-президенті, белгілі биотехнолог-ғалым Дос Сарбасовтың басшылығымен қазір елімізде ауыл шаруашылығындағы заманауи биотехнологияны дамыту бойынша жобаландырылып, ол ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруда елеулі серпіліс жасауға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды мәселе – өңірлік ғылымның дамуы. Кезінде академик Қ.Сәтбаев тек зерттеу қызметінің ғана емес, сонымен бірге оның нәтижелерін өндіріске өңгізуді жоғары өнімділігі мен тиімділігіне апаратын ең қысқа жол деп санап, ғылымды өңірлерде дамытуға ұмтылғанын кездесіңіз деген. Дәл осы тәсілдің арқасында сол кезде Қазақ КСР экономикасында қаршыты қадамдар жасалғаны белгілі.

Технологиялық дамыған елдердің табысының құпиясы неде? Мысалы, АҚШ-та ер шатта дерлік ірі ғылыми-зерттеу университеті бар, ол осы өңірдің экономикасын дамытудың «ми хабы», инновациялық орталығы болып табылады. Бұл жұмысты тікелей штат губернаторы ұйыстырды.

Ал бізде жағдай мүлдем басқаша. Ғалымдар өңірдегі мәселелерді білмейді, ал өңірлер ғалымдардың мүмкіндіктерінен хабарсыз. Көптеген өкімдіктерде ғылыми ұйымдармен өзара ынтымақтауға жауапты мамандар да жоқ.

Жуырда Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтай отырысында академия «Өңірдегі ғылым өңір үшін» атты жаңа бастама ұсынды.

Бірінші кезеңде жергілікті атқарушы органдардың басшылығымен құрамына облыс әкімінің орынбасары, өңірлік ғылыми ұйымдардың ғалымдары және бизнес-құрылымдардың өкілдері енетін ғылым және инновациялар жөніндегі Өңірлік кеңестер құру ұсынылды. Олар өндірісті ғылыми қамтамасыз етудің өңірлік проблемаларын зерделеп, шаруашылық жүргізуші субъектілердің инновациялық әлеуетін бағалай отырып, ғылыми білімді тарату орталықтарының жергілікті жерлерде жұмыс істейтін қамтамасыз етуі қажет. Сонымен бірге ғылыми зерттеулерді басқарушылардың айқындап, жергілікті жерлердің ерекшеліктерін ескере отырып, бар мәселелерді шешу жолдарын әзірлеуге бас ғылыми ұйымдарға, Ұлттық Ғылым академиясына ақпараттық материалдар беріп отыруға тиіс.

Осы жол арқылы ғана жекелеген мәселелерді шешуге жалпы қазақараспен қараудан ашақтап, республиканың қолда бар ғылыми күшін өңірдің нақты міндеттерін нысаналы шешуге шоғырландыра аламыз. Өңірде ғылымды дамыту бойынша жұмыстың көрсеткіштерін облыс әкімдерінің қызметін бағалау рейтингіне қосу қажет болады.

Ал академия өз кезегінде өңірлік университеттер мен ФЗИ-ға жан-жақты қолдау көрсетеді, қажет болған жағдайда академияның толық мүшелері мен шетелдік серіктестерді тарта отырып, өңірдегі ғылыми зерттеулерді дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Шұғыл шешуді қажет ететін тағы бір мәселе туралы. Қазір ғылымда ғылыми дәрежесі бар қызметкердің орташа жасы 57-де, қызметкерлердің 15%-ы зейнеткерлік жасқа жетті. Сондықтан дарынды жастарды тарту есебінен ғылыми кадрларды жасарту проблемасын Ұлттық академия өз басымдықтарының қатарына қойып отыр.

Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет, жақында Ұлттық Ғылым академиясының жанынан Жас ғалымдар кеңесі құрылды. Қазір тиісті заңнамалық актілерге жас ғалымдардың мәртебесі, оларды мемлекеттік қолдау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар дайындалды. Қазақстанның жас ғалымдарына сыйлықтар тағайындауда, «Атамекен» ҰКП демалуымен жас ғалымдарды материалдық қолдаудың арнайы қорын құру жоспарланып отыр.

Отандық ғылымды дамытуда реформалардың табысты болуының кепілі – оның іргетасын қалап, қалыптасуына бірден-бір ықпал еткен тұлғалардың жетістіктеріне сүйену. Осы істе Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі мен мұрасы арқашан темірқазық болатыны сөзсіз.

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының президенті

Спорт



Ардагерлер бақ сынады

Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебінде Жалағаш ауданының 85 жылдығына орай Еңбек, тыл ардагерлері, Ауған соғысы ардагерлері арасында спорттық шара өтті. Қазыналық қарттарымыз шахмат, тоғызқұмалақ, дойбы спортпен бақ сынап, өзара мықтыны анықтады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында ұйымдастырылған спорттық шараға кент және ауылдық округтерден 30 ардагер қатысты. Жарысты ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Кенжеғара Сүлейменов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сайыс соңында өздерінің өптілігі мен ойларының жүйріктігін таныта білген қарияларымыз арнайы марапаттарға ие болды.

Шахмат ойыны бойынша I орынды Жарылқасын Абдрахмановқа бұйырды. Мұнан кейінгі орынға Бақытбек Жарасбаев жайғасса, Нұрлан Мұқашев үздік үштікті түйіндеді. Дойбы ойынынан I орынды Абдулла Тұрабаев жеңіп алды. II орын Бақыт Ахметоваға бұйырса, III орынды Қалдан Ахметбаев иеленді. Ал тоғызқұмалақтан I орынға Жақыпұл Жылқышев алауық деп танылды. Мұнан кейінгі орынға Дина Мирман жайғасты. Ал Төлеген Аштанбаева үздік үштікті түйіндеді.

Жұлделерге диплом, ашамай сыйлық және қатысқан ардагерлерге сый-құрмет көрсетілді.

– Бұл сайысты әр жыл сайын асыға күтетіндердің біріміз. Ардагерді ардақтатып, олардың арасында осындай спорттық сайыстар өткізгендеріміз алғыс білдіреміз. Бүгін замандастарымызбен көрісіп, қалғандасып, бір жасарып қалдық. Ұйымдастырушыларға рахмет, – дейді кент ардагері Дира Мирман.

«ЖЖ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды Газ жаққанда абай болайық!

Қазіргі таңда аудан халқы баллонға сығымдалған пропан, бутан газдарын күнделікті тұрмыста ас әзірлеуге, үй жылытуға пайдаланады. Газды пайдалануда жіберген қателіктердің салдары адамдардың өмірі мен денсаулығына, үйіңізге үлкен апаттар өкеледі. Бір адамның ұқыпсыздығына қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан бірнеше отбасы қайғылы жағдайға тап болып, зардап шегеді. Қарапайым ғана ережелерді назарда ұстамаған жандар орны төлемек өкінішке ұрынып жатады.



ҚР-ның 2012 жылғы 9 қаңтардағы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына сәйкес автогаз құю станцияларында сұйытылған мұнай газын тұрмыстық газ баллондарға құюға қатаң тыйым салынады. Алайда тұтынушылар өздерінің тұрмыстық газ баллондарына автогаз құю станцияларынан сұйытылған мұнай газын құйып қана қоймай, суан қоса құйылған газ қысымын нормалардан асыруды сұрайды.

Газ баллонын салқынан жылы жерге кіргізген кезде баллондағы газдың көлемі ұлғайып, қысымы өселеді. Салдарынан газ баллонының түтігінен газ шығуы, тұтынушылардың газ иісінен улануы, тіпті жарылыс болған апаттық жағдайлар жиі кездесуде. Сондықтан оқыс оқиғаларды болдырмау мақсатында Жалағаш кенті мен елді мекендерінде сұйытылған газ нарығында газ таратушы газ толтыру станциялары бойынша халыққа қызмет көрсететін арнайы мамандандырылған рұқсатты бар газ тарату мекемелері мен қызметтерін пайдаланған жөн.

Газ пайдаланушы қондырғылар жарамсыз болған кезде арнайы газбен жабдықтау ұйымының қызметкерін шақырту қажет. Газ баллонын пайдалану орындарында от жағуға, шылым шегуге, ақаулы электр жарық шамдарын және электр құралдарын қосуға болмайды.

Құрметті аудан тұрғындары, тұрмыстық газ баллондарын және қондырғыларын пайдаланғанда қауіпсіздік талаптарды мұлтқисз сақтауларыңызды сұраймыз. Төтенше жағдай орын алған кезде 101, 112 телефон нөмірлеріне хабарлауды ескертеміз. Сонымен қатар Жалағаш ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінде 31-2-07 сөнім телефоны жұмыс жасайтынын ескертеміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Дүіскеев Жасұлан Талғатұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті 15.00-ден 19.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	8(72431) 31-9-95 32-3-82



Айтпайын десен...

Бала тәрбиесіне байыппен қарайық

Қазақстандағы жүкті әйелдер есебінде тұрған 2 мыңнан астам адам көмелет жасына да жетпеген жасөспірімдер болып шықты. Сорақысы сол, балалығы тыйылмай жатып жатырына бала біткен қаршадай қыздардың арасында 13-ке енді толған оқушылар да бар екен. Мамандар ерте жүктіліктің алдын алу бойынша түрлі бағдарламаның жүргізіліп жатқанын айтады. Алайда нәтижесі әлі де көңіл көншітпей тұр...

Асуы бар алдында асқаралы

Ежелден руханияты дамыған, құдіретті өнердің киесі дарыған Сыр жерінің ақындық қасиеті ұрпақтар сабақтастығымен жалғасып, сабақтасып келеді. «Сыр елі – жыр елі» теңеуі осы қасиетті жердің өркен жайған өрісті өнері мен мәдениетінің айшықты нышаны іспетті. Сонау заманнан Сыр өңірі өнер мен мәдениеттің небір ғажайып туындыларын дүниеге әкелген тума таланттарға кенде болмаған.

Соның ішінде Жалағаш топырағы талай рухы биік, арманы асқақ тұлғаларды дүниеге әкелді, қанаттандырды. Әбілді Жүргенбаев, Әбдікерім Оңалбаев, Қомшабай Сүйеніш, Зордан Салықбаев, Асқар Кіребаев, Темірше Сарыбаев, Мәлік Аяпов бас таған ақындар көші бір-біріне жалғаса бермек. Осындай таланттардың қатарында Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, ақын, ардагер журналист Серік Бертаев та бар. Бойындағы дарыны, таланты ақын бойында кең қанат жайып шығармашылығының шыңдалуына үлкен септігін тигізді. Ұшқыр қаламынан құнды да тағылымды дүниелерді тудырған ақын биыл 70 жасқа толып отыр.

Осы орайда жалағаштықтар, Сыр журналистикасының белді мүшелері ақын Серік Бертаевтың мерейтойы аясында «Руханият» орталығында «Жүрегімдегі шок жұлдыз» атты кітабының тусуәскер ресіміне қатысып, «Асуым бар алдында асқаралы» атты ақындардың жыр-мұшайрасына оқу болды. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ақынды мерейтойымен құттықтап, талантты халық тудыратынын және оның халыққа қызмет ететінін атап өтті.

– Биыл ауданымыз үшін мерейлі жыл Жалағаш ауданының құрылғанына 85 жыл және халықтың құлағы, көзі һәм тіліне айналған аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің жарық көріп келе жатқанына 90 жыл толып отыр. Жергілікті басылым ғасырға жуық оқырмандарға үздіксіз ақпарат таратып, жаңалықтың жаршысына айналды. Бүгінде мерзімді баспасөз «Жалағаш жаршысы» газеті ішкі мазмұны, материалдық сапасы жағынан да заманға лайық жаңаша сипатқа енді. «Жалағаш жаршысы» газетінде әр жылдары журналистер абыройлы еңбек етті. Аға бұрын журналистердің қатарында Серік Бертаев ағамыз да бар. Жалпы бұқара мен биліктің арасына алтын көпір болған қоғамдық, елдік мәселелерді көтеріп, жабыққанды жұбатып, сүрінгенді сүйеген руханият өкілдері, журналистер қашанда жұрттың ыстық ықыласына ие, – деген Ғани Кенжеғараулы мерейтойиесіне аудан әкімінің құттықтауын табыстап, сый-құрмет көрсетті.

Тың туындының тусуы кесіліп, шара жазба ақындардың жыр-мұшайрасына ұласты. Тыңдарман қаламы ақындардың тек өлеңдерін тамашалап қана қоймай, аудан өнерпаздарының өнерін тамашалады.

Сондай-ақ Серік ағамыз тәлімі мол поэзиялық туындыларын оқып, көпшілікті ұлағатқа үндеді. Қазақы құндылықтың қайнарғына қаныққан қадірлі қонақтар тұшымды әңгімесін айтып, тағылымды естеліктер тілге тиек болды. Бір сөзбен айтқанда, ілгерідегі сал-серілердің ізіндегі сан өнерді сабақтастырып, көпшілікке рухани әсер сыйлады.

Жыр-мұшайраға «Құрмет» орденінің иегері, айтқысқар ақын Мамыр Байдаулетов, Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сарсен Ағысаева, Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Әсет Шілдебаев қазылық етті. Қаламынан қуатты жыр тудырып, сөз мазмұнын терген он ақын екі кезең бойынша ел алдында өнер көрсетті. Бірінші кезеңде мерейтойиесіне, шығармашылығына арнаған арнауларын оқыса, келесі кезеңде өз шығармашылықтарынан жыр шашып, көрерменнің жүрегінен жол таба білді.

Жыр-мұшайраның нәтижесінде, қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені ақын Қуат Адис, I орынды «Руханият» орталығы жанындағы «Адырна» үйімесінің мүшесі Дидар Әмірзақ, II орынды жас ақын Жасулан Серік иеленсе, үздік үштікті мә-

дениеттік Берік Асқаров түйіндеді. Қалған қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Айта кетейік, дәл осы күні аудан әкімі Ардақ Ибраимов бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай ардагер-қаламгерлер мен сала қызметкерлерін қабылдап, кәсіби мерекелерімен құттықтады. Елімізде баспасөз бен тележурналистика, ақпараттық сайттар заман талабына сай түрленіп, қоғамға қажетті маңызды ақпараттарды уақытылы жеткізген ол елді игі іске жұмылдырып, берекені арттырып, татулықты нығайтуда билік пен халық арасында алтын көпір болып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қашанда жоғары екенін жасырмады.

– Биыл ауданның құрылғанына 85 және ауданның айнасы, рухани шамшырағы «Жалағаш жаршысы» газетіне 90 жыл толып отыр. Еліміздің татулығы мен тұрақтылығының өрістелуінің қарқынын паш ететін журналистер, сала қызметкерлері қашанда құрметке лайық, – деді Ардақ Әбдіғалпарұлы.

Шарада аудан әкімі сала қызметкерлері мен ардагерлерін облыс әкімінің Алыс хатымен және аудан әкімінің құттықтауымен марапаттап, сый-құрмет көрсетті. Сондай-ақ мерейтойиесі, ақын Серік Бертаевқа қазақы дәстүрден жаңылмай ығына шапан жапты.

Жандос ЖАЗКЕН



Елімізде 15-17 жас арасындағы жасөспірім қыздардың жүктілігі тыйылмай тұр. Қазіргі таңда бұл алаңдарлық мәселеге айналған. Мәселен, биылғы бір жылда 2 200 жасөспірім қыз жүктілік бойынша есепке алынған. Оның 396-сы түсік тастаған. Ерте жүкті болған қыздар білім алу мүмкіндігін жоғалтып, қоғамнан алшақтайды және олардың денсаулықтарына қауіп төнеді. Мамандардың айтуынша, мұндай ерте жүктіліктің соңы беделікке алып келуі мүмкін. Себебі бала көтерген жеткіншектердің көбі қазір сәбилерін алдыртып жатыр.

Медициналық көрсеткіштер бойынша 19 жасқа дейінгі жүктілік ерте деп саналады. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы жүктілік үшін ең көп таралған кезең – 15-17 жас аралығы. Дәрігерлер атап өткендей, тек он сегіз жасқа дейінгі қыздың денесі жеткілікті түрде қалыптасқан және бала көтеруге, тууға толық дайын болады. Ерте жүктіліктің салдарынан жасөспірімдердің 70 пайызы жасанды түсік жасап, 15 пайызы түсік тастайды. Қыздардың тек 15 пайызы ғана сәбилерін аман-есен жеткізіп, босана алады. Әлемдегі статистикаға сүйенсек, АҚШ пен Еуропада жасөспірімдер арасындағы жыныстық қатынас 12-13 жас аралығында бастау алады екен. Соңғы жылдары бұл үрдіс біздің елде де кеңінен белең алуда.

Қазіргі таңда Қазақстандағы жасөспірімдердің жүктілігі де алаңдарлық мәселеге айналды. Жастардың 70 пайызы 15 жасқа дейін алғашқы жыныстық қатынасқа түседі. Статистикаға сәйкес, мың адамға шаққанда көмелетке толмағандардың саны 7,9 пайызды құрайды, ал жасөспірімдер арасында мың қыздың үшеуі түсік жасатады. Бұл мәселеге кім кінәлі, ата-ананың тәрбиесі жеткіліксіз бе, әлде ұстаздардың ба?

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жасөспірімдер арасындағы ерте жүктілік деректерінің басым бөлігін тұрмыстық жағдайы төмен отбасынан шыққандар құрайды екен.

– Кейінгі 5 жылда елімізде жасөспірімдер арасындағы жүктілік төмендеді. 2019 жылы 15-17 жастағы 1812 қыз босанса, 2023 жылы 1508 қыз босанды. Жалпы 380 мыңнан астам әйел босанды, оның 1508-і – жасөспірім. Түсік жасату да 38 пайызға төмендеді. 15-17 жастағы мың қыздың арасында бір жасөспірім жасанды түсік жасатса, қазір бұл 0,8 пайызға түсті. 2023 жылдың жалпы көрсеткіші бойынша 396 қыз жасанды түсік жасатады, – дейді Денсаулық сақтау министрлігінің Ана денсаулығын қорғау департаменті директорының міндетін атқарушы Шәкізат Халықова.

Сондай-ақ жүкті ретінде есепке алынған әйелдердің арасында 15-17 жастағы жасөспірімдердің саны 40 пайызға төмендеген. 2019 жылы 2934 қыз есепке тұрса, 2023 жылы 2288 жасөспірім есепке алынған. Бұл статистиканың төмендегені қуантса да, өлі тыйылмай жатқаны өкінішті. Себебі бұл мәселе қаншама жеткіншектеріміздің өміріне қауіпті. Маманның айтуынша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы көрсеткішіне сәйкес, қыз 15 жасында жүкті болса, ана өлімі 40 пайызға жоғарылайды.

Айта кетейік, 2021 жылдан бері «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында 7 мыңға жуық бала дүниеге келді. Мұндай деректі Денсаулық сақтау министрлігі ұсынды. Екі жылда бағдарлама аясында 21 мыңнан астам әйелге экстракорпоралды ұрықтандыру жасалған, ішінде 8 мың әйел жүкті ретінде есепке алынған. Репродуктологтар бағдарлама басталғалы беделік бойынша дәрігерге жүгінетіндер қатары көбейгенін айтады, тіпті салыстырмалы түрде екі есе артқан.

Жоспарланбаған яғни кездейсоқ жүктіліктің соңы түсік тастаумен аяқталады. Қыздар ақсұн салдары туралы ойланбастан түсік жасатуға келеді, яғни бұл дегеніңіз қабыну, беделік, қан кету, етеккір айналысының бұзылуы өлімге тап болуы мүмкін. Түсік жасатқан анандан туылған сәби босанғанға дейін гематологиялық аурумен туылуы мүмкін. Бұл қан тобына сәйкес келмейтін немесе резус-ықпалды болуы ықтимал. Мұндай бала жасынан мүгедек болуы немесе туысымен шетінеп кетуі мүмкін.

Әр адамның өмірі өзі үшін бағалы болу керек. Қазіргі уақытта жасөспірімдер түгіл үлкендердің де уақытының көп бөлігі телефонда өтуде. Соның салдарынан отбасында ашық әңгіме болмайды, жыныстық жолмен жұғатын аурулар жайында, жүктілік жайында әңгімелер қозғалмайды. Ал жасөспірім үйреншікті телефоннан дұрыс емес ақпарат алып, өз білгенін істейді. Сондықтан мұндай мәселелерді отбасында талқылап, нені дұрыс, бұрыстығын түсіндірсе, жасөспірімдер арасындағы жүктілікті мүлде болдырмауымыз әбден мүмкін.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Мәселе

Тұрмыстық зорлық-зомбылық — қоғам дерті

Қазіргі уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылық еліміздегі алаңдатарлық, түйінді шешілмеген мәселелердің бірі болып тұр. 15 маусымнан бастап тұрмыстық зорлық-зомбылыққа арналған заң да күшіне енді. Енді отбасының берекесін алып, жұбайы мен бала-шағасына қол көтергендерге жаза қатаңдатылды. Түйткілі шешілмеген бұл мәселеге қазіргі уақытта халық болып бірлесіп атсалысуда. Өткен аптада Жалағаш ауданының прокуратурасы, аудандық ардагерлер кеңесі және аудандық әйелдер кеңесінің бірлесуімен тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерінің алдын алуға бағытталған еркін форматта мәжіліс өтті.

Сәуір айының екінші онкүндігінде отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту, әйелдер мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қауіпсіздігі мен қорғау шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған ықпалдасу және кеңесу түріндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру мақсатында аудандық прокуратурасы, аудандық ардагерлер және әйелдер кеңесі арасында ұшжақты меморандум қабылданды. Оның басты мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Жалпы «Отбасы» – шағын мемлекет» деген сөз оның қоғамдағы алар орнына қарай айтылса керек. Осы бір ғибратты сөз босағанын берік, шаңырақтың биік болуын, халық санының көбейіп, қоғам байлығының еселеп артуына өзіндік ықпал ететінін көрсетеді.

Өкінішке қарай түрлі жағдайларға байланысты шаңырақтың шайқалып, бейжүне сәбилердің жауғанкезге айналып жататын кездері де аз емес. Әрине, берекесі мен бірлігі жоқ, күнде айқай-шу болатын үйде зорлық-зомбылықтың орын алатыны түсінікті.



– Бүгінде отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары жиі кездеседі. Ресми ақпараттарға сүйенсек, елімізде жылына 20 мыңға жуық әйел тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болады. Оған ер отбасындағы себеп те, салдар да көп. Дәл қазіргі уақытта ерлі-зайыптылар арасында қазанға салса, пісуге дайын тұрған өзекті мәселенің бірі – ер-азаматтардың ішімдікке тәуелділігі. Осының салдарынан талай шаңырақ шайқалып, балалар да зардап шегуде, тіпті кей жағдайларда ауыр қылмыстың орын алуына әкеліп соғып жатады, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәдік Аліев.

Алқа мәжілісіне аудан прокуроры Шыңғыс Есжанов, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Мәулен Әсер, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Эльмира Әбсатова, отбасын қолдау орталы-

ғының басшысы Ғалым Жанашев және бастаушы ардагерлер ұйымдарының төрағалары да түгел қатысты.

Мемлекет басшысы 2022 жылы 16 наурызда және 2023 жылы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды тапсырған болатын. Осыған орай «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдары қабылданып, Президент қол қойып, 16 маусымда күшіне енді.

Сонымен қатар әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдату, отбасы институтын, көмекке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтатын нормалар да енгізілді.

Қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар кімді болса да алаңдатпай қоймасы анық. «Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі қоғам үшін қашанда маңызды. Бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналған отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алып, бейбіт ел ынтымағы жарасқан халық, үлгілі отбасын құру әр адамның өз қолында.

Алқа мәжілісінде көптеген өзекті мәселелер қозғалып, ұсыныстар айтылды. Меморандумға сәйкес, тараптар алдағы уақытта нәтижелі жұмыс жасайды деп үміттенеміз.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1028